

## Махамбет ауданы бойынша 2009 жылға салық ставкаларын белгілеу туралы

Махамбет аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 113 шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Махамбет ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 6 мамырда 4-3-116 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Салық кодексіне сәйкес белгіленген бір жолғы талондар құны, қосымшаларға сәйкес (№ 1, 2) бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың "Экономика, кәсіпкерлікті дамыту, қаржы және бюджет мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына (А. Есқариев) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың кезекті  
13-сессиясының төрағасы *Г. Қайырғалиева*

Аудандық мәслихат хатшысы *А. Құрманбаев*

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 7 н а у р ы з д ы ғы  
№ 113 шешіміне 1-қосымша

## Базар көлемінде бір жолғы талон құны 1 сатушы орнына

(1 күнге) теңгемен

№	Өнімдердің түрлері	Талонның құны	
		Махамбет селосында	Басқа селолық округтерде
1	Ет өнімін сату	200	100
2	Азық-түлік өнімдерін сату: 1) 30,0 мың теңгеге дейін; 2) 30,0 мың теңгеден жоғары.	100	50
		150	100
3	Көкөніс-жеміс сату	150	100
	Киім кешек өнімдерін сату: 1) 80,0 мың теңгеге дейін;	150	100

4	2) 80,0 мың теңгеден 120,0 мың теңгеге дейін; 3) 120,0 мың теңгеден жоғары.	2 0 0 250	1 5 0 200
5	Шаруашылық кеңсе бұйымдарын сату	150	100
6	Нан өнімдері	80	50
7	Балық өнімдерін сату	80	50
8	Автокөліктен сату: 1) (УАЗ, Газель автокөліктерінен) 2 тоннаға дейін; 2) (ГАЗ, Зил автокөліктерінен) 5 тоннаға дейін; 3) (Маз, Камаз автокөліктерінен) 5 тоннадан жоғары.	2 5 0 3 5 0 450	2 0 0 3 0 0 400

А у д а н д ы қ

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 7

м ә с л и х а т т ы ң

н а у р ы з д ы ғ ы

№ 113 шешіміне 2-қосымша

### Қызметі ара-тұра сипатта болатын жеке тұлғалар үшін

№	Салық салу объектісі	Орташа есеппен бір айлық табыс көзі	Бір күндік талон құны
1	Газет, журналдар сату	6000	20
2	Тұқым, егістік көшеттер мен жеміс ағаш көшеттерін сату	24000	80
3	Бау-бақша өнімдерін сату (жеке адамдар үшін)	40000	100
4	Бау-бақша өнімдерін көлік құралдарынан сату	80000	200
5	Саяжайлардан, тұрғын үй учаскелерінде өсірілген гүл өнімдерін сату	15000	50
6	Саяжайлардан, қосалқы шаруашылықтан өндірілген өнімдерді сату	20000 50000 80000	60 150 250
7	Саяжайлардан, қосалқы шаруашылықтардан өндірілген өнімдерді көлік құралдарынан сату	100000 200000	200 400
8	Автокөлік құралдарын сатумен айналысу: 1) жақын шетелдік мемлекеттерден (ТМД); 2) алыс шетелдік мемлекеттерден.	2 0 0 0 0 0 300000	3 0 0 500
9	Жеке меншік трактормен жер учаскелерін өңдеу	100000	300
10	Жеке меншік жеңіл және жүк автокөліктерімен жолаушы немесе жүк тасымалдау: 1) аудан көлемінде; 2) облыс, қала аралық мақсатта.	18000 75000	60 250
11	Үй жануарлары мен құстарын бағу	15000	50
12	Жем сату	60000	200
13	Сыпыртқылар сату	15000	50
14	Орман жеміс-жидектерін, бал және саңырауқұлақтар сату	15000	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК